



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДАҒЫ СЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ,
ӨЗГЕ ДЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ,
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ
БАЙҚАУШЫЛАРЫ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН
ЖАДНАМА**

**ПАМЯТКА
ДЛЯ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ ОТ ПОЛИТИЧЕСКИХ
ПАРТИЙ, ИНЫХ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ,
НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ, ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ
СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана 2007

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДАҒЫ
САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ, ӨЗГЕ ДЕ ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ, КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ
БАЙҚАУШЫЛАРЫ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН
ЖАДНАМА**

Құрметті сайлау үрдісіне қатысушылар!

Қазақстан Республикасында ел азаматтарының Конституцияда кепілдік берілген сайлау құқықтарын тиімді жүзеге асыруы үшін қолданыстағы және дамушы демократиялық сайлау жүйесінің шеңберінде барлық жағдайлар жасалған.

Бүгінгі күні Қазақстан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның адам құқықтары және демократиялық институттарды дамыту саласындағы қызметі үшін негіз қалаушы құжат болып табылатын ЕҚЫК Адамзаттық өлшем жөніндегі конференциясының 1990 жылғы 29 маусымдағы Копенгаген кеңесі құжатында белгіленген халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес сайлау заңнамасы мен сайлау тетіктерін жетілдіру саласындағы өзара тиімді серіктестік үшін ашық.

Сайлау үрдісінің ашықтығы мен жариялылығын оның барлық кезеңдерінде заңнамалық деңгейде қамтамасыз ету мақсатында шет елдердің, халықаралық ұйымдардың, Қазақстан Республикасы саяси партияларының, қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының өкілдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, кандидаттардың сенім білдірілген адамдарына сайлауды байқау үшін кеңінен рұқсат беру қамтамасыз етілген.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңның (бұдан әрі – Сайлау туралы заң) талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын және мәслихаттары депутаттарының сайлауын байқау жөніндегі осы жаднама әзірленді.

Сайлауды байқауды іске асыратын адамдар

Сайлау туралы заң сайлау үрдісінің мынадай қатысушыларына:

- Қазақстан Республикасы саяси партияларының байқаушыларына;
- Қазақстан Республикасы қоғамдық бірлестіктерінің байқаушыларына;
- Қазақстан Республикасы коммерциялық емес ұйымдарының байқаушыларына;
- Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне;
- депутаттыққа кандидаттар мен олардың сенім білдірілген адамдарына;
- партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарына;
- шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларына;
- шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне сайлауды байқауды іске асыру мүмкіндігін береді (Сайлау туралы заңның 20, 31-б.).

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның оларға жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді (Сайлау туралы заңның 31-бабы).

Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушысының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс.

Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға байқаушы туралы мәліметтерді есепке алу журналына енгізу арқылы оны тіркеу үшін көрсетіледі (Сайлау туралы заңның 20-1-б. 1-т.).

Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден қатысуға құқылы (Сайлау туралы заңның 20-б. 8-т.).

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ (Сайлау туралы заңның 27-б. 6-т.).

Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті көрсетуді жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға міндетті (Сайлау туралы заңның 27-б. 7-т.).

Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық

Сайлау комиссияларының қызметі алқалылық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады (Сайлау туралы заңның 20-б. 1-т.).

Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады. (Сайлау туралы заңның 20-б. 7-т.).

Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал Конституциялық заңмен көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңіне кеңесші дауыс құқығын бере отырып өз өкілін тиісті сайлау комиссиясына жіберуге құқылы.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы, сайлау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы. (Сайлау туралы заңның 20-б. 6-т.).

Байқаушылардың өкілеттіктері

Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады (Сайлау туралы заңның 20-б. 7-т.).

Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:

- сайлау комиссиясының отырысына қатысуға;
- дауыс беруге, соның ішінде дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс

жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;

- дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде тиісті сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған үй-жайында болуға;
- тасымалданатын сайлау жәшігін бақылап жүруге, соның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;
- сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін ресімдеу рәсімін барлық аталған рәсімдерді анық көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда байқауға;
- тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға;
- сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруін өткізу кезінде қатысуға;
- учаскелік сайлау комиссиясының мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетендерін санауы және жоюы кезінде қатысуға;
- дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба жасауға;
- дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға;
- дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;
- сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуына аударуға, оларға заң бұзушылықтар туралы тиісті жазбаша мәлідемелерді, актілерді табыс етуге және табыс еткені туралы белгі соқтыруға құқылы. Сайлау комиссиясының төрағасы, оны алмастыратын адам сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың өтініштері бойынша дауыстарды санау хаттамасына олардың жасаған актілерін қоса беруге міндетті.

Байқаушылардың міндеттері

Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:

- жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын құжаттарын өздерімен алып жүруге;
- сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдерді қабылдау рәсіміне араласпауға;

- сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;
- сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
- өз ескертулерін құжатталған, шынайы және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;
- Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының талаптарын сақтауға;
- алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге міндетті. (Сайлау туралы заңның 20-1-б. 3-т.).

Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеудің күшін жоюға құқылы (Сайлау туралы заңның 20-1-б. 4-т.).

Қазақстан Республикасының Сайлау туралы заңдарын бұзған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал байқаушы мен өзге адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады.

Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының шеттетілген мүшесін, сондай-ақ шығарылған байқаушыны немесе өзге адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды. (Сайлау туралы заңның 39-б. 2-т.).

Дауыс беруді байқау

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде бір мезгілде:

- әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір-бір адамнан;
- қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден;
- әрбір саяси партиядан бір-бір байқаушыдан;
- әрбір қоғамдық бірлестіктен бір-бір байқаушыдан;
- әрбір коммерциялық емес ұйымнан бір-бір байқаушыдан;
- шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы (Сайлау туралы заңның 20–б. 8-т.).

Сайлау комиссиясының үй-жайында сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады (Сайлау туралы заңның 20–б. 7-т.).

Барлық байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау жәшіктерін, жасырын дауыс беруге арналған кабинеттерге кіруді және шығуды бақылауына жағдай жасалуға тиіс (Сайлау туралы заңның 39-б. 1-т.).

Сайлау туралы заңның 42-бабының 1-тармағына сәйкес бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады. Мыналар ондай адам болуға тиіс емес:

- сайлау комиссиясының мүшесі;
- жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы;
- кандидаттың сенім білдірген адамы;
- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі-журналист;
- тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Дауыстардың саналуын байқау

Дауыс беру аяқталған соң бюллетеньдер салынған жәшіктерді ашқанға дейін учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша бюллетеньдер алған сайлаушылардың есебін жүргізеді және олардың жалпы санын анықтайды. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы не оның орнындағы комиссия мүшесі санау нәтижелерін жария етеді және оларды дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізеді (Сайлау туралы заңның 43-б. 3-1-т.).

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады (Сайлау туралы заңның 43-б. 1-т.).

Бірінші болып тасымалданатын сайлау жәшіктері кезегімен ашылады. Тасымалданатын сайлау жәшігіндегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін жасау туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс. Егер тасымалданатын сайлау жәшігінде белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдерінің саны жазбаша өтініштердің тиісті санынан артық болып шықса, онда бұл жәшіктегі барлық сайлау бюллетеньдері жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда

тасымалданатын сайлау жәшігінен алынған барлық сайлау бюллетеньдерінің жарамсыз деп танылғаны туралы акт жасалады, онда сонымен бірге осы тасымалданатын жәшіктің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін тұрақты жәшіктер ашылады (Сайлау туралы заңның 43-б. 3-1-т.).

Жәшіктерді ашардың алдында пайдаланылмаған барлық бюллетеньдерді тиісті сайлау комиссиясы санады және жояды. Сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша:

- учаскедегі (дауыс беру пунктіндегі) сайлаушылардың жалпы санын;
- бюллетеньдер алған сайлаушылар санын;
- комиссияның әрбір мүшесі берген бюллетеньдер санын анықтайды (Сайлау туралы заңның 43-б. 4-т.).

Дауыс беруге арналған жәшіктерді төраға дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін тиісті сайлау комиссиясы ашуға тиіс. Дауыс беру аяқталғанға дейін жәшіктерді ашуға тыйым салынады (Сайлау туралы заңның 43-б. 3-т.).

Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік білдіруін жариялайды (Сайлау туралы заңның 43-б. 1-т.).

Дауыстарды санау әрбір саяси партия, кандидат бойынша жеке-жеке жүргізіледі (Сайлау туралы заңның 43-б. 3-т.).

Бұл ретте бюллетеньдер әрбір саяси партия, кандидат бойынша және жарамсыз бюллетеньдер бойынша жеке-жеке қатталып жиналады (Сайлау туралы заңның 43-б. 1-т.).

Жәшіктерді ашқаннан кейін сайлау комиссиясы бюллетеньдердің саны бойынша:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы санын;
- әрбір саяси партия, кандидат үшін берілген дауыстар санын;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын;
- учаскелік сайлау комиссиясы алған бюллетеньдер санын;
- жойылған бюллетеньдер санын анықтайды.

Дауыс беруге арналған жәшіктерден алынған бюллетеньдердің саны сайлаушылар тізімдерінің және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштердің негізінде берілген бюллетеньдер санынан асып кеткен жағдайда, сайлау комиссиясының әрбір мүшесі берген бюллетеньдер саны анықталады (Сайлау туралы заңның 43-б. 4-1-т.).

Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамның талабы бойынша дауыстарды қайта санауды дауыстарды санау үшін белгіленген мерзімде бір рет қана жүргізеді (Сайлау туралы заңның 43-б. 7-1-т.).

Дауыстарды санау нәтижелері жөніндегі хаттаманың жасалуын байқау

Дауыстарды санау нәтижелерін сайлау комиссиясы карап, хаттамаларға түсіреді, оларға сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Сайлау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды қарындашпен және әр түсті сиялармен толтыруға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Бұл ретте дауыс беру нәтижелерінің сандық мәні сөзбен жазылып қайталануы тиіс.

Хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Сайлау туралы заңға сәйкес, дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі (Сайлау туралы заңның 43-б. 8-т.).

Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу округтік сайлау комиссиясына жіберіледі (Сайлау туралы заңның 108-б. 1-т.).

Мәслихат депутатын сайлау нәтижелері учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Мәслихат депутаттары сайлауының нәтижелері туралы округтік комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылып, сайлау өткізілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберілетін хаттама жасалады (Сайлау туралы заңның 108-б. 2-т.).

Учаскелік сайлау комиссиясы саяси партиялардың тізімдері үшін дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі. (Сайлау туралы заңның 94-б. 1-т.).

Партиялық тізімдер бойынша сайлаудың нәтижелері тиісті аумақтық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Орталық сайлау комиссиясының отырысында анықталады және ол сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Сайлау нәтижелері туралы хаттама жасалады. (Сайлау туралы заңның 94-б. 2-т.).

Сайлау комиссияларының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне шағым жасау тәртібі

Сайлау туралы заңда шағым берудің өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым берілуі мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне немесе іс-әрекеттеріне берілген арыздар қарауға жатпайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Сот түскен өтініш туралы және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені жөнінде сайлау комиссиясын хабардар етеді (Сайлау туралы заңның 20-б. 9-т.).

Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды (Сайлау туралы заңның 49-б.).

Сайлау науқаны барысындағы шешімдер мен іс-әрекеттерге шағым беру және олардың күшін жою

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізуге қатысты, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қарап, оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады.

Соттар, прокуратура органдары мен сайлау комиссиялары өз жұмысын сайлау процесі кезінде, оның ішінде демалыс күндері және сайлау өтетін күні, шағымдарды қабылдау мен қарауды Сайлау туралы заңда белгіленген мерзімде қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырады (Сайлау туралы заңның 49-б.).

**ПАМЯТКА
ДЛЯ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ ОТ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ, ИНЫХ
ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ, НЕКОММЕРЧЕСКИХ
ОРГАНИЗАЦИЙ, ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ СРЕДСТВ МАССОВОЙ
ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА ВЫБОРАХ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Уважаемые участники избирательного процесса!

В Республике Казахстан созданы все условия для эффективной реализации гражданами страны гарантированных Конституцией избирательных прав в рамках действующей и развивающейся демократической избирательной системы.

Сегодня Казахстан открыт для взаимовыгодного партнерства в сфере совершенствования выборного законодательства и избирательных механизмов в соответствии с международными избирательными стандартами, заложенными в Документе Копенгагенского совещания Конференции по человеческому измерению ОБСЕ от 29 июня 1990 года и являющимся основополагающим документом для деятельности БДИПЧ/ОБСЕ в области прав человека и развития демократических институтов.

В целях обеспечения открытости и гласности избирательного процесса на всех его этапах на законодательном уровне обеспечен широкий доступ для наблюдения за выборами представителям зарубежных стран, международных организаций, политических партий, общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан, представителям средств массовой информации, доверенным лицам кандидатов.

В соответствии с требованиями Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан» от 28 сентября 1995 года (далее - Закон о выборах) разработана настоящая Памятка по наблюдению за выборами депутатов Мажилиса Парламента, избираемых по партийным спискам, и выборами депутатов маслихатов Республики Казахстан.

Лица, осуществляющие наблюдение за выборами

Закон о выборах предоставляет возможность осуществлять наблюдение за выборами следующим участникам избирательного процесса:

- наблюдателям от политических партий Республики Казахстан;
- наблюдателям от общественных объединений Республики Казахстан;
- наблюдателям от некоммерческих организаций Республики Казахстан;
- представителям средств массовой информации Республики Казахстан;
- кандидатам в депутаты и их доверенным лицам;
- доверенным лицам политических партий, выдвинувших партийные списки;
- наблюдателям иностранных государств и международных организаций;
- представителям иностранных средств массовой информации (ст. 20, 31 Закона о выборах).

Доверенные лица обладают правами, имеют обязанности наблюдателей политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан и действуют в пределах полномочий, предоставленных им в письменной форме кандидатом, политической партией, выдвинувшей партийный список (ст. 31 Закона о выборах).

Полномочия наблюдателя от политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан должны быть удостоверены в письменной форме с указанием его фамилии, имени, отчества.

Данный документ заверяется печатью организации, направившей наблюдателя, и действителен при предъявлении документа, удостоверяющего личность наблюдателя. Документы предъявляются председателю избирательной комиссии либо лицу, его замещающему, для регистрации наблюдателя путем внесения данных о нем в журнал учета (п.1 ст. 20-1 Закона о выборах).

О представителях средств массовой информации Республики Казахстан

В день голосования с момента открытия избирательного участка для голосования и до установления результатов голосования при подсчете голосов избирателей на избирательном участке вправе присутствовать по

одному представителю от каждого средства массовой информации при наличии служебного удостоверения и задания редакции (п.8 ст. 20 Закона о выборах).

Журналисты, должностные лица редакций средств массовой информации, зарегистрированные кандидатами либо их доверенными лицами, не вправе участвовать в освещении выборов через средства массовой информации (п.6 ст. 27 Закона о выборах).

Средства массовой информации обязаны осуществлять объективное освещение выборной кампании кандидатов; воздерживаться от публикации агитационных материалов и иной информации, заведомо порочащих честь, достоинство и деловую репутацию кандидата или политической партии (п.7 ст. 27 Закона о выборах).

Гласность в деятельности избирательных комиссий

Деятельность избирательных комиссий осуществляется на основе коллегиальности, гласности и открытости (п.1 ст.20 Закона о выборах).

На заседаниях избирательной комиссии могут присутствовать кандидаты, доверенные лица, наблюдатели, представители средств массовой информации при наличии служебного удостоверения и задания редакции (п.7 ст.20 Закона о выборах).

Избирательные комиссии создают условия для свободного ознакомления всех лиц со своими решениями, которые размещаются в общедоступных телекоммуникационных сетях, а в случаях, предусмотренных Законом о выборах, подлежат иному опубликованию.

Политические партии, не имеющие представителя в составе избирательных комиссий, вправе делегировать в соответствующую избирательную комиссию своего представителя с правом совещательного голоса на период подготовки и проведения избирательной кампании.

Представитель политической партии с правом совещательного голоса вправе выступать на заседании избирательной комиссии, вносить предложения по вопросам, входящим в компетенцию избирательной комиссии, вправе обжаловать действия (бездействие) избирательной комиссии в вышестоящую избирательную комиссию или в суд (п.6 ст. 20 Закона о выборах).

Полномочия наблюдателей

На заседаниях избирательной комиссии могут присутствовать кандидаты, доверенные лица, наблюдатели, представители средств массовой информации при наличии служебного удостоверения и задания редакции (п.7 ст. 20 Закона о выборах).

Наблюдатели политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан вправе:

- присутствовать на заседании избирательной комиссии;
- получать информацию о количестве избирателей, принявших участие в голосовании, в том числе в голосовании вне помещения;
- находиться в помещении для голосования соответствующего избирательного участка во время проведения голосования и подсчета голосов;
- сопровождать переносные избирательные урны, в том числе находиться в транспортном средстве во время их перевозки;
- наблюдать за ходом голосования, процедурой подсчета голосов и оформления результатов голосования на избирательном участке, в пункте для голосования в условиях, обеспечивающих возможность четкого обозрения всех перечисленных процедур;
- обжаловать решения, действия (бездействие) соответствующей избирательной комиссии и (или) ее членов в вышестоящую избирательную комиссию или в суд;
- присутствовать при проведении голосования избирателей вне помещения для голосования в случае невозможности их прибыть в помещение для голосования;
- присутствовать при подсчете и погашении членами участковой избирательной комиссии неиспользованных избирательных бюллетеней;
- делать фото-, аудио- и видеозаписи, не мешая ходу голосования и подведению его итогов;
- наблюдать процедуру передачи протоколов о результатах голосования вышестоящим избирательным комиссиям;
- после проведения голосования знакомиться с протоколами избирательной комиссии об итогах голосования, получать их заверенные копии;
- обращать внимание членов избирательной комиссии на нарушения требований Закона о выборах, вручать им соответствующие письменные заявления, акты о нарушениях и получать отметки о вручении. Председатель избирательной комиссии, лицо, его замещающее, обязаны по заявлению доверенных лиц, наблюдателей приложить к протоколу подсчета составленные ими акты (п.2 ст. 20-1 Закона о выборах).

Обязанности наблюдателей

Наблюдатели политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан обязаны:

- иметь при себе документы, удостоверяющие их личность и полномочия;
- не вмешиваться в избирательный процесс, в процедуру подсчета голосов и принятия решений избирательной комиссией;
- не предпринимать действий, препятствующих работе избирательной комиссии;
- выполнять требования председателя избирательной комиссии по соблюдению правил поведения на избирательном участке, установленных соответствующей избирательной комиссией;
- основывать свои замечания на документированных, действительных и поддающихся проверке фактах;
- соблюдать требования настоящего Конституционного закона и иного законодательства Республики Казахстан;
- сохранять непредвзятость, не выражать предпочтения конкретному кандидату, политической партии (п.3 ст. 20-1 Закона о выборах).

В случае нарушения законодательства Республики Казахстан наблюдателями политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан соответствующая избирательная комиссия вправе отменить регистрацию наблюдателя (п.4 ст. 20-1 Закона о выборах).

В случае нарушения законодательства Республики Казахстан о выборах наблюдатель и иные лица удаляются из помещения для голосования по мотивированному решению избирательной комиссии, принятому в письменной форме.

Исполнение данного решения осуществляют органы внутренних дел, которые также принимают меры по привлечению отстраненного члена избирательной комиссии, а также удаленного наблюдателя или иного лица к ответственности, предусмотренной законами Республики Казахстан (п.2 ст. 39 Закона о выборах).

Наблюдение за голосованием

В день голосования с момента открытия избирательного участка для голосования и до установления результатов голосования, при подсчете голосов избирателей на избирательном участке вправе одновременно присутствовать:

- по одному доверенному лицу от каждого кандидата;
- по одному представителю от каждого средства массовой информации (при наличии служебного удостоверения и задания редакции);
- по одному наблюдателю от каждой политической партии;
- по одному наблюдателю от каждого общественного объединения;

- по одному наблюдателю от каждой некоммерческой организации;
- наблюдатели иностранных государств и международных организаций (п.8 ст.20 Закона о выборах).

Запрещается присутствие в помещении избирательной комиссии посторонних лиц, не связанных с избирательным процессом (п.7 ст.20 Закона о выборах).

Всем наблюдателям, доверенным лицам, представителям средств массовой информации и членам избирательной комиссии должна быть обеспечена возможность наблюдать за избирательными урнами, за входом и выходом из кабин для тайного голосования (п.1 ст.39 Закона о выборах).

Согласно п. 1 ст. 42 Закона о выборах избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетени, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня. Этим лицом не может быть:

- член избирательной комиссии;
- должностное лицо местного представительного или исполнительного органа;
- доверенное лицо кандидата;
- журналист - представитель средств массовой информации;
- наблюдатель, зарегистрированный в соответствующей избирательной комиссии.

Наблюдение за подсчетом голосов

После окончания голосования до вскрытия урн с бюллетенями участковая избирательная комиссия производит подсчет избирателей, получивших бюллетени, по спискам избирателей и определяет их общее число. Председатель участковой избирательной комиссии либо замещающий его член комиссии оглашает результаты подсчета и заносит их в протокол о результатах голосования (п.3-1 ст.43 Закона о выборах).

В помещении для голосования столы, за которыми производится подсчет голосов, размещаются таким образом, чтобы обеспечивался обзор действий членов участковой избирательной комиссии со стороны всех присутствующих в помещении лиц. Доверенные лица и наблюдатели, присутствующие при подсчете голосов, наблюдают за подсчетом голосов на расстоянии и в условиях, обеспечивающих обзоримость отметок в бюллетенях (п.1 ст. 43 Закона о выборах).

Первыми поочередно вскрываются переносные избирательные урны. Количество бюллетеней в переносной избирательной урне должно соответствовать количеству письменных заявлений о возможности

проголосовать вне помещения для голосования. Если избирательных бюллетеней установленного образца в переносной избирательной урне оказалось больше чем соответствующее число письменных заявлений, то все избирательные бюллетени из этой урны признаются недействительными. В этом случае составляется акт о признании недействительными всех извлеченных из переносной избирательной урны избирательных бюллетеней, в котором также указываются фамилии, имена, отчества членов комиссии, проводивших голосование вне помещения для голосования с помощью данной переносной урны. После вскрытия переносных урн для голосования вскрываются стационарные урны (п.3-1 ст.43 Закона о выборах).

Перед вскрытием урн все неиспользованные бюллетени подчитываются и погашаются соответствующей избирательной комиссией. Избирательная комиссия по спискам избирателей устанавливает:

- общее число избирателей на участке (в пункте голосования);
- число избирателей, получивших бюллетени;
- число бюллетеней, выданных каждым членом комиссии (п.4 ст.43 Закона о выборах).

Урны для голосования должны вскрываться соответствующей избирательной комиссией после объявления председателем комиссии об окончании голосования. До окончания голосования вскрытие урн запрещается (п.3 ст.43 Закона о выборах).

При подсчете избирательных бюллетеней председатель комиссии или определенный член комиссии показывает присутствующим избирательный бюллетень и оглашает волеизъявление избирателя (п.1 ст.43 Закона о выборах).

Подсчет голосов производится отдельно по каждой политической партии, кандидату (п.3 ст.43 Закона о выборах).

При этом бюллетени укладываются в стопки по каждой политической партии, кандидату и в стопку для недействительных бюллетеней (п.1 ст.43 Закона о выборах).

После вскрытия урн избирательная комиссия по числу бюллетеней устанавливает:

- общее число избирателей, принявших участие в голосовании;
- число голосов, поданных за каждую политическую партию, кандидата;
- число бюллетеней, признанных недействительными;
- число бюллетеней, полученных участковой избирательной комиссией;
- число погашенных бюллетеней.

В случае превышения количества бюллетеней, извлеченных из урн для голосования, над количеством бюллетеней, выданных на основании списков

избирателей и заявлений о голосовании вне помещения для голосования, устанавливается количество бюллетеней, выданных каждым членом избирательной комиссии (п.4-1 ст.43 Закона о выборах).

Избирательная комиссия по требованию доверенного лица повторный подсчет голосов проводит только один раз в сроки, установленные для подсчета голосов (п. 7-1 ст.43 Закона о выборах).

Наблюдение за составлением протокола по результатам подсчета голосов

Результаты подсчета голосов рассматриваются избирательной комиссией и заносятся в протоколы, которые подписываются председателем и членами избирательной комиссии. В случае отсутствия председателя избирательной комиссии вместо него протоколы подписывает заместитель председателя или секретарь избирательной комиссии.

Не допускается заполнение протоколов о результатах голосования карандашом и чернилами разного цвета, а также внесение в них каких бы то ни было исправлений. При этом числовые значения результатов голосования должны дублироваться прописью.

Копия протокола немедленно вывешивается в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления и находится в помещении в течение двух дней.

По желанию лица, присутствующего в соответствии с Законом о выборах при подсчете голосов, ему выдается копия протокола, заверенная подписями председателя и секретаря комиссии и печатью избирательной комиссии (п.8 ст.43 Закона о выборах).

По результатам голосования за кандидатов в депутаты маслихатов участковая избирательная комиссия составляет протокол голосования, который немедленно пересылается в окружную избирательную комиссию (п.1 ст. 108 Закона о выборах).

Результаты выборов депутата маслихата устанавливаются на заседании окружной избирательной комиссии на основании протоколов участковых избирательных комиссий. О результатах выборов депутата маслихата составляется протокол, подписываемый председателем и членами окружной комиссии и пересылаемый в соответствующую территориальную избирательную комиссию не более чем в двухдневный срок со дня выборов (п.2 ст. 108 Закона о выборах).

По результатам голосования за списки политических партий участковая избирательная комиссия составляет протокол голосования, который немедленно пересылается в соответствующую территориальную избирательную комиссию (п.1 ст.94 Закона о выборах).

Результаты выборов по партийным спискам устанавливаются на заседании Центральной избирательной комиссии на основании протоколов соответствующих территориальных избирательных комиссий, которые пересылаются в Центральную избирательную комиссию не более чем в двухдневный срок со дня выборов. О результатах выборов составляется протокол (п.2 ст.94 Закона о выборах).

Порядок обжалования решений и действий избирательной комиссии

Решения и действия (бездействие) избирательной комиссии могут быть обжалованы в вышестоящую избирательную комиссию или в суд в течение десяти дней со дня принятия решения или совершения действия (бездействия), если иные сроки обжалования не установлены Законом о выборах. По истечении указанных сроков заявление на решение или действия (бездействие) избирательной комиссии рассмотрению не подлежит.

При одновременном рассмотрении заявлений в избирательной комиссии и суде избирательная комиссия приостанавливает рассмотрение заявления до вступления в силу решения суда. Суд извещает избирательную комиссию о поступившем заявлении и вступлении в законную силу решения суда по результатам его рассмотрения (п.9 ст.20 Закона о выборах).

Заявления граждан и организаций о нарушениях избирательного законодательства рассматриваются избирательными комиссиями в течение пяти дней со дня поступления жалобы, если иное не предусмотрено Законом о выборах.

Жалобы на решения и действия (бездействие) избирательной комиссии и ее членов рассматриваются вышестоящей комиссией в течение трех дней со дня поступления жалобы, если иное не предусмотрено Законом о выборах (ст.49 Закона о выборах).

Обжалование и отмена решений и действий в ходе избирательной кампании

Суды и органы прокуратуры обязаны принимать заявления членов избирательных комиссий, граждан, представителей зарегистрированных в установленном законом порядке общественных объединений, касающиеся вопросов проведения голосования, в том числе о нарушениях законодательства о выборах, поступившие в период подготовки и проведения выборов, и рассматривать их в пятидневный срок, а поступившие менее чем за пять дней до голосования и в день голосования - немедленно.

Решения и действия органов местного государственного управления и самоуправления, предприятий и организаций, их должностных лиц, нарушающие законодательство о выборах, обжалуются в суде.

Суды, органы прокуратуры и избирательные комиссии организуют свою работу во время избирательного процесса, в том числе в выходные дни и в день выборов, таким образом, чтобы обеспечить прием и рассмотрение жалоб в сроки, установленные Законом о выборах (ст.49 Закона о выборах).

ДЛЯ ЗАМЕТОК

ДЛЯ ЗАМЕТОК

Баспаға _____ ж. жіберілді.
Қалыбы 60 x 80 $\frac{1}{16}$. Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы _____. Есептік баспа табағы _____.
Таралымы 40500 дана. Тапсырыс № 3519.
Астана қаласы, «Жарқын Ко» ЖШС, Абай даңғылы 121 А.

Подписано к печати _____ г.
Формат 60 x 80 $\frac{1}{16}$. Печать офсетная. Шрифт «Таймс».
Усл. печ. листов - _____. Учетно-издательских листов _____.
Тираж 40500 экз. Заказ № 3519.
г. Астана, ТОО «Жарқын Ко», пр. Абая 121 А.